

халқымыздың болашағы да түркі тектес халықтардың бірлігінде деп таныған. Өлеңдерінде түрік бірлігін жырлауы да сондықтан.

Жалпы, бұл Мағжанның түркішілдігі, көк түріктер жайлы өлеңдерінің мазмұны атты еңбекте негізінен келелі мәселелердің кезек күттірмейтін салалары ғана қозғалды. Яғни, осы тақырып бойынша іздену барысында біз мынаны түсіндік. Мағжанның түркішілдік, көк түріктер жайлы өлеңдерінің дүниеге келгеніне ғасырға жуық уақыт өтсе де, еш ескермейді, маңызын жоймайды. Қайта уақыт өткен сайын жаңашылдығымен оқшауланып тұрғалана түседі. Себебі: қазақ халқы өзінің көне түркілердің – көк түріктердің ұрпағы екендігін білді.

ҚАЗАҚ ӘЛПБИІН ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ АУЫСТЫРУ

Тлепбергенова Ж. Султанова Н.
Сулейман Демирел Университеті
Инженер факультеті 1В-04
Ғылыми жетекшісі: Абнасырова Р.

«Ел болам десең бесігінді түзе!» деген ғой дана бабаларымыз! Бұл деген жаңа ұрпақтарымыздың бесіктен басталатын тәрбиесін түзеу деген сөз. Жаңа ұрпақтарымызды тәрбиелеу үшін – оларға барлық дұрыс ақпарат, білім, имандылық білім беру үшін – қазақ тілін дамытуымыз керек. Қазақ тілін дамыту - өте көп, күрделі, қиын жұмыс.

Қазақ халқы тарихының жарқын беттерімен қатар жабырқақ сәттері де аз болған жоқ. Солардың біріне оның тіліне байланысты жағдайлары жатады. Тіліміздің болмыс-бітіміне кінәрат жабысқанына да біраз уақыт өтті. “Батпандан кіріп, мысқалдап шығатын індеттей” ол созылып келеді. “Ол неден?” деген сауалға берілетін жауап та көп. Пайымдай келе айтарымыз: тіл тынысының тарылуы сонау отаршылық заманнан басталып, тоталитарлық режимнің егемендікке дейінгі біржақты қитұрқы саясатымен жалғасқаны да баршаға мәлім.

Егемендікке қолымыз жетіп, тәуелсіз мемлекет те болдық, Конституциямен заңдастырып, Тіл заңын қабылдап, “мемлекеттік тіл” мәртебесіне ие болдық. Бірақ тіл үшін “күрес” әлі жалғасып, әлі күнге дейін бір ұтысымыз бір табысымызға ұласпай келеді. Бірақ аузымызды қу шөппен сүрте беруге де болмайтын сияқты. Егемендік алғаннан бері күресіміздің нәтижесінде тіл мәселесін қолма-қол шешіп алмасак та, оның стратегиялық, теориялық және практикалық мәселелеріне тікелей қатынасы бар бір қауым мәселенің басы ашылып, бітер істің жарқын болашағы айқындалып келеді. Ол ойлардың көбісі Елбасының өз аузымен айтылып, жарияланып, қалың жұртшылықтың көңілінен шығып отыр. Әрине, олар көп жылдан бері тығырыққа тіреліп, тілдің тұла бойындағы дертін дәл қазір, дәл бүгін шешіп тастайтын “панацеясы” емес, Елбасының ойланып-толғанып жүргізіп отырған сабырлы да салауатты саясатының пайымды да парасатты, өз ретімен бірінен кейін бірін шешуге бағытталған, елді даурықтырмай, жұртты үркітпей, қызыл қырман қарбаласына айналдырмай жүзеге асыру үшін ұстанып отырған сара жолы. Ол саясат – түптеп келгенде, Қазақстан халықтарының тұтастығын, бейбіт те мамыражай қалпын бұзбай, бекем бірлігін қалыптастыру.

Қазақ тілін дамыту - өте көп, күрделі, қиын жұмыс. Осы жұмыстың қиындығы қазақ тілінің ережелерінің күрделілігінде – оған, қасақана не ессіз, тілде жоқ дыбыстардың артық әріптерін енгізуінен (к,н,у). Тіл мен оның ережелері – ақпаратты, ойды, білімді қабылдауға, беруге (оқуға, жазуға), тасымалдап жеткізуге өте жеңіл, түсінікті де ыңғайлы болғаны дұрыс. Сонда адамдар қазақ тілінде жазғанда, қай әріпті қай жерде жазуды ойламай, өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік алады. Бұл қазақ тілін үйренуді, жазуды, оқуды жеңілдетіп дамуына жол ашады. Ал қазір қазақ тіліне тән емес дыбыстардың әріптері енгізіліп (қалдырылып), тіл ережелері түсініксіз болып ессіз күрделенді де дамуына кедергі болып тұр – бұлар алынбаса қазақ тілі, қанша ақша жумсап, қаржыландырсақ та, дамымайды. Сондықтан ел боламыз десек ең алдымен әліппемізді түзеуіміз керек: қазақ тіліне тән емес дыбыстардың әріптерін алып тастап, тіл ережелерін, түсінікті қылып, оқуға, жазуға жеңілдетіп, тіл дамуына жол ашу қажет.

Қазақ халқының рухани, мәдени, саяси өмірінде кейінгі кездері қол жеткізген мол табыстарымыздың бірі ана тіліміздің биік мәртебеге ие болуы керек дегеніміз болса, ендігі жерде аса қажетті күрделі қадам – ұлттық жазуымызды қалыптастыру.

Тіліміздің әліппидегі әріптердің баршаға бірдейлігінен бұрын, жазу ережелерінің бірыңғайласуы маңыздырақ. Егер тілдердің өзара жақындасуы, яғни бір түркі тілдес халқының

жазғандарын басқалардың оқып түсіне білулері көзделетін болса, олардың бәрі өз жазуларында бір ереже қолдануы шарт.

Өкінішке орай, түркі халықтарының әліпби бірдей етуге ғана көбірек күш салынып, жазу ережелеріне онша көп көңіл бөлінбей келгені байқалады. Біздің ойымызша, әліпбиге және жазу ережесіне қарау жөн. Жазу ережелері толықтай анықталғанда ғана әліпбиді орынды пайдалану мүмкін. Әліпби тілдің табиғи заңдарына икемді құрастырылуы, яғни жаңа әліпби қабылданарда жазу ережелері де толықтай белгілі және заңды болуы қажет.

Жаңа әліпбиді құрастыру жолында көз алдымызда тұратын ең басты шарттар:

Біріншіден, қазақша жаңа әліпби құрастырғанда ана тіліміздің табиғатын таза сақтауға тырысып, әліпбиді соған қарай таңдау.

Екіншіден, жаңа әліпбидің келешектегі техникалық қиыншылықтырға соқпайтын жағын қарастыру.

Бірінші шартқа толығырақ тоқталып кететін болсақ, тіліміздің табиғатын таза сақтау үшін, ең алдымен, кириллицаны қолданған кезде дағдыланған теріс әсерден арылуымыз керек. Жоғарыда айтылған ондай әсерден құтылудың ең жақсы жолы – біздің тілімізде жоқ дыбыстар үшін белгіленген әріптердің қазақ әліпбиіне тықпаланбауы. Егер біз біріміздің жазғанымызды басқамыздың оқып, түсіне білуін қалайтын болсақ, ұқсас дыбысқа бір таңба алуымыз ғана емес, бір түрде жазылған, мағынасы бір сөзді түркі халықтарының өздерінше әр түрлі оқуының мүмкін болуы керек деп ойлаймыз.

Келесі шартқа келетін болсақ, әліпбиіміздің келешекте техникалық қиыншылықтарға соқтықпайтын жағын қарастыру мәселесіне келгенде де әліпби құрамының маңызды екенін көреміз.

Ақпарат тарату мен қабылдауда әлемде жасалған ірі бетбұрыс болып табылатын интернет жүйесі бүгінде мәліметті тауып, дұрыс шешім қабылдауға ықпал ететін маңызды факторға айналды. Оның артықшылығын тіпті айтып тауыса да алмаймыз. Батыстың жоғары дамыған елдерінде жұрт әлдеқашан қалам, дәптермен қоштасып, жаппай ноутбук қолданатын жағдайға жетті. АҚШ-тың “Ньюсуик” секілді журналдары компакт-диск түрінде жарық көріп, өз оқырмандарына электрондық нұсқамен жол тартуда. Онда ақпарат көздері мен белгілі тұлғалардың берген мәліметтері мен айтқан сөздері мәтін түрінде емес, бейне баян үлгісінде берілетін бағытқа көшті. Мұның бәрі ақпараттың дәлдігін, еш бұрмалаусыз жеткізілуін және оған деген сенімділікті нығайтудың кепілі болуда. Сонымен қатар, дәстүрлі баспасөз бен электрондық ақпарат құралының да өзара жақындап, тұтасып келе жатқандығын көрсетеді.

Осындай күрделі кезеңде, әлемді жаппай тұтастыруға бағытталған жаһандандудың кең өрістеген дәуірінде түркі дүниесін біріктіретін маңызды фактордың бірі – латын әліпбиі болып отыр. Түркия жеке ел болған тұсында латын әліпбиін мемлекеттік жазу ретінде белгілеп алуының арқасында бүгінде әлемдік өркениетпен иық тірестіріп, дүниежүзілік ақпараттық кеңістіктен өз орнын алып отыр. Тәуелсіздік жылдарында Әзірбайжан, Өзбекстан елдері де аталмыш жазуды қолдана бастады.

Қазақстан өзінің алдағы даму бағыт-бағдарын әлемнің жоғары дамыған 50 елінің қатарына қосылу қажеттілігімен айқындап отыр. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 18 тамыздағы №163 Жарлығымен елдегі ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006-2009 жылдарға арналған Тұжырымдамасы бекітілді. Онда Қазақстанның ақпарат нарығын дамытудың негізгі үрдістері, қазіргі заманғы ақпарат нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктің басты проблемалары талданды.

Жаңа серпілістің жасалуы үшін қазірден бастап шешімін табуға тиіс өзекті мәселелердің бірі – жоғарыда аталған әліпби проблемасы болып отыр. Олай болса, латын әліпбиін мемлекеттік жазу ретінде қолдануды да ретімен қолға алу қажет деп білеміз. Дайындық жұмыстарын түркі елдерінің тәжірибесін зерттеуден бастаған дұрыс болар. Жалпы бұл жазу бізге жат та емес. Олай дейтініміз, Қазақстанда бұрын латын әрпі пайдаланылған. Түркиядағы және Еуропа елдерінде тұратын қандастарымыз күні бүгінге латыншаны қолданып келе жатқаны тағы белгілі. Біздің айтайын дегенім – кириллица әліпбиі өткен жарты ғасырдан астам уақытта қазақ

мәдениетін дамытуға зор үлес қосқандығын ешкім жоққа шығармайды. Алайда, бұл одан ешқашан ажырамайық, айырылсақ құримыз деген сөз емес. Бұл әріптің орны біз үшін қытайдың иероглифіндей аса маңызды емес. Латынға біржолата көшкеннен кейін де кириллица біздің мәдениетімізден мүлдем аластатылуы екіталай. Әсіресе, орыс тілінің бағы жанып тұрған бүгінгідей жағдайда оған алаңдаудың мүлде реті де жоқ.

Компьютерлік технологияға, интернет жүйесіне көшкеннен бері кириллицадағы жеті-сегіз әріптің машақатын тартып-ақ келеміз. Ол жағдай бәрімізге де белгілі. Бір компьютерде терілген мәтінді келесісі “жатырқап” оқымайды, баспаханаға өткізген кітаптарымыздың қазақ әрпі ұшып кетіп, орнына үшбұрыш, төртбұрыш белгілер одырайып тұрады т.с.с. Электрондық пошта арқылы шет елдерде тұратын бауырларымызға хат-хабар жолдау үшін қазірдің өзінде латын әрпін қолданып келеміз. Сондықтан, латынға көшуге дайынбыз деуге толық негіз бар. Алайда, бұл жерде қаперге алынатын бір маңызды мәселе алдымыздан шығады. Ол – ң, ғ, ә, қ секілді әріптерді қалай белгілейміз деген орынды сауал.

Осы тұста біз әріптердің таңбалары мен санының елеулі кемүі - өзінен-өзі үлкен жетістік екенін айта отырып, қазақ әліпбиінің жобасын ұсынбақпыз.

Kirill a'рпи	Latwn a'рпи	Kirill a'рпи	Latwn a'рпи
Аа	Aa	Өө	O'o'
Әә	A'a'	Пп	Pp
Бб	Bb	Рр	Rr
Вв	Vv	Сс	Ss
Гг	Gg	Тт	Tt
Ғғ	G' g'	Уу	Yy
Дд	Dd	Ұұ	Uu
Ее	Ee	Үү	U'u'
Жж	Jj	Фф	Ff
Зз	Zz	Хх	Hh
Ии	Iy iy	Цц	Cc
Кк	Kk	Чч	Ch ch
Ққ	Qq	Шш	Sh sh
Лл	Ll	Ыы	Ii
Мм	Mm	Іі	Ii
Нн	Nn	Юю	Yu yu
Ңң	Ng ng	Яя	Ya ya
Оо	Oo		

Латын әліпбиінің мүмкіндіктерін толық танып, зерттеген соң соған лайықталған қазақ тілінің ережелері жасалғаны абзал болар. Ол үшін ағылшын, неміс, француз, испан тілдерінің айтылу, жазылу ерекшеліктерін анықтап, оны қазақ тілімен салыстыруға тура келеді. Бұл тұрғыдан келгенде, қос әріп қолдану бәрінен де тиімді болар ма еді деген ойдамын. Айталық, “ң”-ды – ng, “ғ”- ны – g’, “к”-ны – q, “ә”-ні – a’, “ұ”-ны – u т.с.с.

Қалай десек те, бұл маңызды мәселе жөнінде бағыт айқындалды. Әлемдік ақпараттық кеңістікте бәсекеге қабілетті болу үшін латын әліпбиін қолданысқа енгізу қажет екендігі ешқандай дау тудырмайды. Сондықтан, тіл білімінің білгірлері мен мамандары әртүрлі балама түрде жобаларын ұсынып, ортаға салып талқылайтын кез келді. “Келісіп пішкен тон келте болмасы” анық.

Қазақстанда да өмірдің барлық саласында компьютерді пайдаланатын күн алыс емес. Сондықтан біз латын әрпі негізіндегі алфавитті компьютерді пайдалану тұрғысынан қарастырамыз. Ал компьютер кез келген символды (соның ішінде бас әріпті де, кіші әріпті де) кодтар кестесіндегі коды арқылы ажыратады.

Біз латын әрпіне көшудің біздің ұлтымызға берер аса тиімді тұстарын үшке бөліп қарастырамыз едік.

Біріншіден, қазіргі кезде қолданылып отырған кирилл жазуына негізделген қазақ жазуы қазақ тілі дыбыстарының табиғатын дәл бере алмайды. Бұл жазуды Сталин заманында қазақты орыстандыру мақсатында орыс алфавитіндегі 33 әріпке қазақ тіліндегі 9 дыбыстық таңбаны қосу арқылы 42 әріптен тұратын алфавит құрап шығара салған. Ғылыми негізсіз жасалған

әліпби бұл. Латынға көшсек, онда осы басы артық әріптерден құтыламыз. Тілімізді қажетсіз дыбыстардан тазалап аламыз.

Екіншіден, біз жаңа ақпараттық технологиялар заманында өмір сүріп отырмыз. Кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне ауысу арқылы ғылыми-техникалық терминдерді кедергісіз пайдалана аламыз. Онсыз біз заманның ағымынан, дүниежүзінің дамуынан бейтарап қаламыз. Оған қоса қазіргі заманға сай түрлі техникалар осы латын әліпбиімен таңбаланған. Әрі латын жазуы бізге қандай да болмасын жаңадан шыққан техникаларды тікелей қолдануымызға мүмкіндік береді.

Мәселен, компьютерді қазақтардың қолдануына байланысты туындайтын кедергілер көп. Бұл кирилл жазуына негізделген әліпбиіміздің әсерінен туындап отыр. Латын жазуы осы мәселені шешуге көмектеседі.

Үшіншіден, қазіргі дүние жүзі қазақтарының ортақ әліпбиі, ортақ жазуы жоқ. Қазақстанда кириллицаны, Қытайдағы қазақтар төте араб жазуын, Еуропадағы қазақтар латын әрпін қолданады. Ақпараттық технологиялар заманында отырып, әліпбидегі ала-құлалық ұлтымыздың бір ізбен дамуына үлкен кедергі келтірмек. Латын әріпіне көшуді ұлтымызды ұйытатын, мәдени тұтастығымыз бен рухани бірлігімізді сақтайтын басты құрал деп қабылдауымыз қажет.

Ойымызды қорытындылай келе, айта кеткіміз келеді: Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие. Және де көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жыл ішінде мәселені зерделеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс

Көзі қарақты жұртшылыққа мәлім, Елбасымыз латынға көшу мәселесін тоқсаныншы жылдардың басында алғаш рет, арнайы қозғаған болатын. Сол кездің өзінде бұл идеяны қолдап, әрі қарай дамытуға өз ынтасын көрсетті. Көрші елдер сол кезден ақ латын қарпіне көшуді бастаған, және де бастауыш мектептің әрбір екі сыныбы бойынша, кезең-кезеңмен бастап, бүгінде бірталай жерге барып қалды. Қиындықтар да, қателіктер де орын алды. Алайда, алға жылжып келе жатқаны айқын. Біз, Президент атап көрсеткендей, жарты жылда жақсылап зерделеп, зерттеп, жағдай мен мүмкіндікті жан-жақты айқындап алмаққа парыздармыз. Одан соң талқыға салып, бір шешімге тоқтап, басты-басты бағдарларды, кесек-кесек кезеңдерді белгілесек. Көршілердің жетістіктерінен үйреніп, қателіктерін қайталамауға ұмтылсақ, кәнеки! Қалай болғанда да асықпай әрі кешікпей тірлік істеуіміз керек.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» ретінде тоқ етерін айтатын болсақ, басқа халықтар сияқты, қазақ та латын әліппесі негізінде өзінің ұлттық жазуын қалыптастыруға тиіс.

Қолданылған әдебиеттер:

1. www.abcnet.com
2. www.google.kz
3. www.wikipedia.com
4. www.turania.com
5. "Латын негізінде қазақ әліпбиі" (Алматы 2008)